

## Зерттеу жұмыстарының ұсынылатын құрылымы (Action Research)


Ұсынылатын көлем: 2000 сөзден аспауы керек

Бөлім	Сипаттамасы
Авторлар	Г.М. Сүлейменова <sup>1</sup> , К.К. Сахова <sup>2</sup> <sup>1</sup> тарих пәнінің эксперт-мұғалімі <sup>2</sup> география пәнінің эксперт-мұғалімі НЗМ Шымкент-Абай
Тақырып	Авторлық бағдарламаны қолдану барысында оқушылардың циклдік зерттеу дағдысын дамыту (2023жж)
Аннотация (150–250 сөз)	<p>II сыныптарға арналған «Мемлекеттану негіздері» авторлық бағдарламасын жүзеге асыру барысында оқушылардың циклдік зерттеу дағдаларын дамыту мәселесіне бағытталған. Қазіргі білім беру үдерісінде азаматтық құзыреттілігі жоғары, құқықтық сауатты және сыни ойлай алатын тұлға қалыптастыру өзекті міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыда II сыныптардағы Қазақстан тарихы пәні оқушыларды қоғамдық-саяси үдерістерді талдауға, нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс істеуге және әлеуметтік мәселелерге зерттеушілік тұрғыдан қарауға үйретеді. Бағдарлама зерттеудің циклдік моделіне негізделген: мәселені анықтау, зерттеу сұрағын құрастыру, гипотеза ұсыну, ақпараттарды талдау, қорытынды жасау және рефлексия кезеңдері жүйелі түрде ұйымдастырылады. Әр цикл оқушының зерттеу әрекетін жетілдіруге, құқықтық нормаларды талдауға және мемлекеттік саясатты бағалауға мүмкіндік береді.</p> <p>Бағдарламаны апробациялау нәтижесінде оқушылардың дербес ізденісі, аналитикалық ойлауы және дәлелді пікір айту дағдыларының дамығаны байқалды. Сонымен қатар, білім алушылардың зерттеу мәдениеті қалыптасып, мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды ғылыми тұрғыдан талдау қабілеті артты. Осылайша, «Мемлекеттану негіздері» авторлық бағдарламасы циклдік зерттеу дағдыларын тиімді дамытуға ықпал ететін инновациялық білім беру құралы болып табылады.</p> <p><b>Кілтті сөздер:</b> циклдік зерттеу дағдылары, авторлық білім беру бағдарламасы, мемлекеттану негіздері, зерттеу құзіреттілігі, сыни ойлау, құқықтық сауаттылық, аналитикалық дағдылар, дәлелді аргументация, танымдық құзіреттілік, оқу мотивациясы</p>
Ақтуалдылық және мәселенің негізделуі	<p>Мектеп контексінде білім беру үдерісі халықаралық стандарттарға бағытталған, соның ішінде A-Level Кембридж бағдарламасы талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл формат білім алушылардан тек пәндік білімді меңгеруді ғана емес, дереккөздермен (ақпараттармен) жұмыс істеу, талдау, интерпретациялау және дәлелді қорытынды жасау дағдыларын талап етеді. Сонымен қатар жасөспірімдердің психо-эмоционалдық жағдайын ескере отырып, оқу мазмұнын ұйымдастыру қажеттілігі өзекті болып отыр. Талдау нәтижесінде анықталған мәселе-оқушылардың дайын ақпаратты қабылдаумен шектелуі және зерттеушілік, аналитикалық дағдылардың жеткілікті деңгейде қалыптаспауы. Бұл әсіресе аргументативті эссе жазу, ресми құжаттарды талдау және екіжақты позицияны салыстыра бағалау кезінде айқын байқалады. Осыған байланысты «Мемлекеттану негіздері» авторлық</p>

	<p>бағдарламасын тәжірибеде қолдану білім беру мазмұнын жаңартудың және инновациялық үдерістерді іске асырудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Бағдарлама оқушылардың әртүрлі дереккөздерді салыстырып талдауына, құқықтық және саяси ұғымдарды терең түсінуіне, дәлелді аргументация қалыптастыруына мүмкіндік береді. Өзгерістердің қажеттілігі мектептің стратегиялық басымдықтарымен тікелей байланысты. Атап айтқанда, академиялық адалдықты сақтау, зерттеу мәдениетін дамыту, оқушылардың дербестігін арттыру және халықаралық бағалау форматтарына сапалы дайындықты қамтамасыз ету-мектептің негізгі даму бағыттарының бірі болып табылады. Осылайша, авторлық бағдарламаны енгізу оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, жауапкершілігін күшейтетін және олардың зерттеу құзыреттілігін жүйелі түрде дамытатын инновациялық шешім ретінде негізделеді.</p>
<p><b>Мақсат және зерттеу сұрақтары</b></p>	<p>Зерттеу сұрақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Авторлық бағдарламаны енгізу оқушылардың оқу мотивациясының деңгейіне қандай өзгерістер әкеледі?</li> <li>• Бағдарлама мазмұны оқушылардың зерттеу дағдыларының (талдау, интерпретация, дәлелдеу) қалыптасуына қалай ықпал етеді?</li> </ul> <p>Зерттеу мақсаты-авторлық бағдарламаны оқу үдерісіне жүйелі қолдану арқылы оқытудағы инновациялық мүмкіндіктерді анықтау және оның оқушылардың оқу мотивациясына, танымдық белсенділігіне, сондай-ақ аналитикалық, шығармашылық ойлау дағдыларының дамуына ықпалын зерттеу.</p> <p>Зерттеу міндеттері: жеке тәжірибеге негізделген авторлық бағдарламаның теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделеу; оны заманауи білім беру тұжырымдамаларымен (зерттеушілік оқыту, оқушы агенттілігі, құзыреттілікке негізделген тәсіл) салыстыра талдау және оны іс-әрекетті зерттеу тәсілімен ықпалдастыру; зерттеу контексіне сәйкес авторлық бағдарламаға негізделген сабақтарды жоспарлау, оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерді айқындау; проблемалық және зерттеушілік тапсырмалар жүйесін құрастыру және оларды оқу үдерісіне кезең-кезеңімен енгізу; әдісті қолдану барысында оқушылардың оқу мотивациясы, сабаққа қатысу белсенділігі мен аналитикалық-зерттеу дағдыларының дамуындағы өзгерістерді анықтау; алынған деректерді талдау арқылы авторлық оқыту әдісінің тиімділігін айқындап, оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеу.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: Оқытуда авторлық бағдарлама негізінде жоспарланған сабақ оқушылардың циклдік зерттеу дағдысын (сұрақ, болжам, зерттеу, талдау, қорытынды, рефлексия) арттырып, сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар оқушылардың өз ойын еркін жеткізу, деректерді талдау, дәлелдеу және шығармашылық шешімдер ұсыну дағдылары дамиды. Ал зерттеу нәтижелері мұғалімнің авторлық бағдарлама негізінде оқыту әдісін тәжірибеде тиімді қолдануға және кәсіби рефлексиясын тереңдетуге мүмкіндік береді.</p>
<p><b>Теориялық негіз (қысқаша)</b></p>	<p>Зерттеу барысында қарастырылған әлемдік оқыту тәсілінде Ұлыбританияда авторлық бағдарлама проблемалық сұрақтарға негізделіп, оқушылардың гипотеза ұсыну, дәлел іздеу және ақпаратты талдау дағдыларын дамытады, нәтижесінде зерттеу логикасы мен аналитикалық ойлау дағдылары қалыптасады. Ал, OECD. <i>Learning</i></p>


	<p><i>Compass 2030</i> (OECD, 2019) құжатында білім берудің негізгі бағыты ретінде оқушы агенттілігі, кең ауқымды дағдылар және өмір бойы білім алу құндылықтары айқындалады. Бұл тұжырымдама авторлық бағдарламаны оқушыға бағытталған, инновациялық және құзыреттілікке негізделген циклдік зерттеу дағдысын жүзеге асырудың теориялық негізі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқу үдерісі оқушының дербес оқу траекториясын қалыптастыруға, зерттеу сұрағын қоюына, ақпаратты талдауына және алған білімін өмірлік жағдайларда қолдануына бағытталады. Бұл өз кезегінде оқушылардың сыни және шығармашылық ойлау дағдыларының дамуын, өз бетінше шешім қабылдау қабілетінің қалыптасуын және оқу нәтижесіне жауапкершілік алуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, зерттеушілік оқыту (inquiry-based learning) білім алушылардың дербес ізденісін, гипотеза құру және дәлелдеу қабілеттерін дамытуға бағытталған (Hmelo-Silver, Duncan, &amp; Chinn, 2007). Зерттеу барысында қарастырған әлемдік оқыту тәсілінде . Kemmis, S., McTaggart, R. «The Action Research Planner» (Kemmis &amp; McTaggart, 2014) еңбегінде Action Research мұғалім тәжірибесін жетілдіруге бағытталған зерттеу тәсілі ретінде қарастырылды. Авторлар «жоспарлау-әрекет-бақылау-рефлексия» циклі арқылы оқыту үдерісіндегі өзгерістерді жүйелі талдауға және педагогтің кәсіби рефлексиясын дамытуға мүмкіндік беретін әдіснамалық негіз ұсынған.</p>
<p><b>Методология</b></p>	<p>Зерттеу Action Research әдіснамасына негізделген циклдік модель бойынша жүргізілді және бастапқы диагностика, бағдарламаны енгізу, аралық бақылау, қорытынды бағалау және рефлексия кезеңдерін қамтыды. Алғашқы кезеңде сауалнама, бақылау және диагностикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың зерттеу дағдыларының бастапқы деңгейі анықталды. Негізгі кезеңде зерттеу сұрағын құрастыру, гипотеза ұсыну, ақпаратты талдау және дәлелді қорытынды жасауға бағытталған тапсырмалар жүйелі енгізілді.</p> <p>Деректер сапалық және сандық әдістер арқылы жиналды: сауалнама нәтижелері, бақылау парақтары, оқушылардың жазбаша және ауызша жұмыстары, топтық тапсырмалар мен рефлексия жазбалары талданды. Бастапқы және қорытынды көрсеткіштер салыстырылып, өзгерістер динамикасы анықталды. Зерттеудің сенімділігін арттыру мақсатында triangulation тәсілі қолданылып, бірнеше дереккөз негізінде мәліметтер өзара тексерілді.</p>
<p><b>Жүзеге асыру (зерттеу барысы)</b></p>	<p>Зерттеу «жоспарлау-әрекет-тақылау-талдау-рефлексия» циклдары бойынша ұйымдастырылды. Зерттеу бірнеше өзара байланысты кезеңдер арқылы дамыды және әрбір цикл келесі әрекеттерге түзету енгізуге мүмкіндік берді. Жоспарлау кезеңде оқушылардың зерттеу дағдылары мен оқу мотивациясының деңгейін анықтау мақсатында диагностикалық тапсырмалар, сауалнама және бақылау құралдары әзірленді. Негізгі шешім ретінде авторлық бағдарламаны енгізу арқылы зерттеу сұрағын құрастыру, гипотеза ұсыну, ақпаратты талдау және дәлелді қорытынды жасау дағдыларын жүйелі дамыту көзделді. Сонымен қатар деректерді жинау үшін сапалық және сандық әдістер кешенін қолдану жоспарланды. Бағдарламаны енгізу кезеңде оқу үдерісіне зерттеуге бағытталған тапсырмалар жүйелі түрде енгізілді. Оқушыларға ақпараттармен жұмыс істеу, салыстырмалы талдау жасау және аргументативті эссе жазу тапсырмалары ұсынылды. Сабақ барысында зерттеу элементтері тұрақты қолданылып, оқу</p>

	<p>мазмұны талдау және интерпретацияға бағытталды. Оқу процесінде жүйелі бақылау жүргізілді. Оқушылардың белсенділігі, пікірталасқа қатысуы, тапсырмаларды орындау сапасы бақылау парақтары арқылы тіркелді. Сонымен қатар оқушылардың жазбаша жұмыстары, шығармашылық тапсырмалары және топтық жұмыс нәтижелері дерек көзі ретінде жинақталды. Бастапқы және аралық сауалнамалар арқылы оқу мотивациясындағы өзгерістер анықталды. Жиналған деректер салыстырмалы талдау арқылы өңделді. Бастапқы және қорытынды көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтар анықталып, зерттеу дағдыларының даму динамикасы бағаланды. Нәтижелердің сенімділігін арттыру мақсатында бірнеше дереккөзді қатар пайдалану арқылы triangulation тәсілі қолданылды. Алғашқы цикл нәтижелері зерттеу тапсырмаларын жетілдіруге негіз болды. Кейбір тапсырмалардың күрделілік деңгейі қайта қарастырылып, оқушылардың дербестігін арттыруға бағытталған қосымша әдістер енгізілді. Осылайша, әрбір цикл келесі әрекеттерді нақтылауға және оқу үдерісін жетілдіруге мүмкіндік берді.</p>												
<p><b>Нәтижелер және негізгі қорытындылар</b></p>	<p>Зерттеу нәтижелері «Мемлекеттану негіздері» авторлық бағдарламасын циклдік модель негізінде енгізудің оқушылардың зерттеу дағдыларына оң әсер еткенін көрсетті.</p> <div style="display: flex; justify-content: space-between;"> <div style="width: 45%;"> <table border="1"> <caption>Зерттеу дағдыларының бастапқы көрсеткіштері (%)</caption> <thead> <tr> <th>Көрсеткіш</th> <th>Пайыз (%)</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Зерттеу сұрағы</td> <td>42</td> </tr> <tr> <td>Гипотеза</td> <td>38</td> </tr> <tr> <td>Дерек талдау</td> <td>45</td> </tr> <tr> <td>Аргументация</td> <td>40</td> </tr> <tr> <td>Рефлексия</td> <td>48</td> </tr> </tbody> </table> </div> <div style="width: 50%;"> <p>Диаграммада зерттеу дағдыларының бастапқы көрсеткіштері берілген. Нәтижелер бойынша оқушылардың зерттеу сұрағын құрастыру, гипотеза ұсыну және дәлелді аргументация жасау дағдылары орташа деңгейде қалыптасқаны байқалды. Әсіресе гипотеза құру көрсеткіші салыстырмалы түрде төмен деңгейде анықталды. Бұл оқушылардың зерттеу логикасын толық меңгермегендігін көрсетеді. Сонымен қатар дереккөздерді талдау мен рефлексия жасау көрсеткіштері де жеткілікті деңгейде дамымағаны байқалады. Жалпы алғанда, бастапқы кезеңде зерттеу әрекеті жүйелі сипатта болмаған.</p> </div> </div>	Көрсеткіш	Пайыз (%)	Зерттеу сұрағы	42	Гипотеза	38	Дерек талдау	45	Аргументация	40	Рефлексия	48
Көрсеткіш	Пайыз (%)												
Зерттеу сұрағы	42												
Гипотеза	38												
Дерек талдау	45												
Аргументация	40												
Рефлексия	48												



Келесі диаграмма қорытынды кезеңдегі зерттеу дағдыларының көрсеткіштерін сипаттайды. Барлық компоненттер бойынша айқын өсім байқалады. Әсіресе ақпараттарды талдау және рефлексия жасау көрсеткіштері жоғары нәтижеге жетті. Бұл авторлық бағдарламаның циклдік құрылымы оқушылардың талдау және өзін-өзі бағалау қабілеттерін дамытуға тиімді

әсер еткенін дәлелдейді. Гипотеза ұсыну және аргументация дағдыларының артуы зерттеу логикасының біртіндеп қалыптасқанын көрсетеді.



Соңғы диаграммада зерттеу дағдылары деңгейінің динамикасы көрсетілген. Бастапқы кезеңде оқушылардың басым бөлігі төмен және орта деңгейде болса, қорытынды кезеңде жоғары деңгейдегі оқушылар саны айтарлықтай артқан. Төмен деңгейдің қысқаруы мен жоғары деңгейдің өсуі авторлық бағдарламаның тиімділігін айқындайды. Бұл

өзгерістер циклдік зерттеу әдісінің жүйелі қолданылуы нәтижесінде жүзеге асқанын көрсетеді.

Келесі кестеде «Мемлекеттану негіздері» бағдарламасы негізінде циклдік зерттеу дағдыларының даму көрсеткіші берілген.

Зерттеу кезеңдері	Қалыптасқан дағдылар	Бастапқы деңгей сипаттамасы	Қорытынды деңгей сипаттамасы	Өзгеріс динамикасы
Мәселені анықтау	Зерттеу сұрағын құрастыру	Сұрақтар нақты емес, жалпылама	Нақты, талдамалық сипаттағы сұрақтар	Айқын өсім
Гипотеза ұсыну	Болжам жасау	Логикалық байланыс әлсіз	Негізделген, дәлелді гипотеза	Тұрақты даму
Дерек жинау	Ақпарат көздерімен жұмыс	Дереккөздерді іріктеу қиын	Нормативтік құжаттар мен статистикалық талдау	Жоғары динамика
Талдау	аргументация	Пікірлер жеткілікті дәлелденбейді	Дәлелдерге негізделген тұжырым	Айтарлықтай жақсарды
Рефлексия	Өзін-өзі бағалау	Формалды сипатта	Терең талдау және өзіндік баға	Елеулі өсу

	<p>Ұсынылған кесте мен диаграммалар «Мемлекеттану негіздері» авторлық бағдарламасының зерттеу дағдыларын дамытудағы тиімділігін дәлелдейді. Бастапқы және қорытынды көрсеткіштерді салыстыру барлық компоненттер бойынша тұрақты өсімді көрсетті. Әсіресе ақпаратты талдау, рефлексия және дәлелді аргументация дағдыларының айқын жақсаруы зерттеу әрекетінің сапалық деңгейге көтерілгенін аңғартады. Динамикалық талдау төмен деңгейдегі оқушылар үлесінің азайып, жоғары деңгейдің артқанын көрсетті. Сапалық сипаттамалар формалды әрекеттен жүйелі, талдамалық зерттеу мәдениетіне көшуді айқындайды. Нәтижелер зерттеу гипотезасын растап, бағдарламаның тиімділігін дәлелдейді.</p>
<p><b>Практикалық ұсыныстар</b></p>	<p>дағдыларын дамытуға оң әсер еткенін көрсетті. Осыған байланысты келесі практикалық ұсыныстар беріледі:</p> <p><b>Мектептегі әріптестерге:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Зерттеуге бағытталған тапсырмаларды қоғамдық-гуманитарлық пәндер мазмұнына жүйелі түрде енгізу;</li> <li>• Дереккөздермен жұмыс істеу және аргументативті жазылым бойынша мектепшілік әдістемелік семинарлар ұйымдастыру;</li> <li>• Оқушылардың психо-эмоционалдық жағдайын ескере отырып, рефлексия элементтерін сабақ құрылымына тұрақты енгізу.</li> </ul> <p><b>Желілік әріптестерге:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Авторлық бағдарламаны апробациялау тәжірибесін тарату мақсатында тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру;</li> <li>• Циклдік оқыту әдістері бойынша мұғалімдерге арналған оқыту курстарын өткізу;</li> <li>• Ортақ зерттеу жобалары мен мектепаралық ғылыми конференциялар ұйымдастыру;</li> <li>• Оқу бағдарламаларын халықаралық бағалау талаптарына сәйкестендіру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.</li> </ul> <p><b>Зерттеуді дамыту бағыттары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Зерттеуді бірнеше сынып деңгейінде кеңейтіп, салыстырмалы талдау жүргізу;</li> <li>• Ұзақ мерзімді мониторинг арқылы зерттеу дағдыларының тұрақтылығын анықтау;</li> <li>• Сандық деректер көлемін арттырып, нәтижелерді статистикалық өңдеу;</li> <li>• Зерттеу дағдыларының кәсіби бағдарға ықпалын жеке бағыт ретінде қарастыру.</li> </ul>
<p><b>Қорытынды</b></p>	<p>Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері қойылған мақсатқа қол жеткізілгенін көрсетті. Бастапқы және қорытынды диагностика көрсеткіштерін салыстыру зерттеу сұрағын құрастыру, гипотеза ұсыну, ақпараттарды талдау, дәлелді аргументтеу жасау және рефлексия дағдыларының айтарлықтай артқанын дәлелдеді. Әсіресе ақпараттармен жұмыс жасау мен дәлелді пікір қалыптастыру көрсеткіштерінің өсуі оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетінің тереңдегенін айқындады. Алынған нәтижелер зерттеу гипотезасын толық растады: егер үдерісі циклдік кезеңдерге (мәселені анықтау, гипотеза құру, талдау, қорытынды және рефлексия) негізделіп жүйелі ұйымдастырылса, онда оқушылардың зерттеу құзыреттілігі сапалы түрде дамыды. Жоғары деңгейдегі оқушылар санының едәуір артуы бағдарламаларының педагогикалық тиімділігін нақты көрсетті.</p>

	<p>Нәтижелер жұмыстың басында белгіленген мақсат пен міндеттермен толық сәйкес келеді. Авторлық бағдарламаның құрылымдық жүйелігі зерттеу әрекетін кезең-кезеңмен қалыптастыруға мүмкіндік беріп, оқушылардың дербестігін, жауапкершілігін және зерттеушілік дағдысын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар талдау барысында оқушылардың сыни көзқарасы мен дәлелді шешім қабылдау қабілеті нығайды. Оқыту тәжірибесін жетілдіру мақсатында зерттеуді одан әрі дамыту бірнеше бағытта жүзеге асырылуы тиіс: циклдік зерттеу моделін қоғамдық-гуманитарлық пәндерге кеңінен енгізу, зерттеу тапсырмаларын нақты қазіргі өмірмен байланыстыру; бағалау критерийлерін нақтылау және жүйелі мониторинг жүргізу; цифрлық зерттеу құралдарын интеграциялау. Бұған қоса, курсты таңдамаған сыныптармен салыстырмалы зерттеу жүргізу және ұзақ мерзімді нәтижелерді талдау бағдарламаның тұрақты тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеу нәтижелері «Мемлекеттану негіздері» авторлық бағдарламасының оқушылардың циклдік зерттеу дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігін оқу процесінде дәлелдеп, оны білім беру тәжірибесінде одан әрі жетілдірудің нақты перспективаларын айқындады.</p>
<p><b>Әдебиеттер тізімі</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>Қолданылған әдебиеттер тізімі.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Barron, B., &amp; Darling-Hammond, L. (2008). Teaching for meaningful learning: A review of research on inquiry-based and cooperative learning. <i>Edutopia</i>.</li> <li>2. Bell, S. (2010). Project-based learning for the 21st century: Skills for the future. <i>The Clearing House: A Journal of Educational Strategies, Issues and Ideas</i>, 83(2), 39–43. <a href="https://doi.org/10.1080/00098650903505415">https://doi.org/10.1080/00098650903505415</a></li> <li>3. Bruner, J. S. (1966). <i>Toward a theory of instruction</i>. Harvard University Press.</li> <li>4. Creswell, J. W., &amp; Creswell, J. D. (2018). <i>Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches</i> (5th ed.). SAGE Publications.</li> <li>5. Dewey, J. (1938). <i>Experience and education</i>. Macmillan.</li> <li>6. Hmelo-Silver, C. E., Duncan, R. G., &amp; Chinn, C. A. (2007). Scaffolding and achievement in problem-based and inquiry learning. <i>Educational Psychologist</i>, 42(2), 99–107. <a href="https://doi.org/10.1080/00461520701263368">https://doi.org/10.1080/00461520701263368</a></li> <li>7. Kemmis, S., &amp; McTaggart, R. (2014). <i>The action research planner: Doing critical participatory action research</i>. Springer.</li> <li>8. Kolb, D. A. (1984). <i>Experiential learning: Experience as the source of learning and development</i>. Prentice Hall.</li> <li>9. OECD. (2019). <i>PISA 2018 results (Volume I): What students know and can do</i>. OECD Publishing.</li> <li>10. Schleicher, A. (2019). <i>World class: How to build a 21st-century school system</i>. OECD Publishing.</li> <li>11. Әбдіғалиев, Б. Қ. (2019). Азаматтық білім беру және ұлттық құндылықтар. <i>Педагогика және психология</i>, 2(39), 15–21.</li> <li>12. Жұмабекова, Ф. Н. (2021). Зерттеушілік оқытудың теориялық негіздері. <i>Қазақстан мектебі</i>, 5, 28–33.</li> </ol>

<b>Қосымшалар (қажет болса)</b>	Көрнекі иллюстрациялар, диаграммалар, кестелер, суреттер
---------------------------------	--